



Қазақстан Республикасы  
Парламентінің  
**ЖАРШЫСЫ**

14

Қазақстан Республикасы  
Парламентінің  
басылымы  
АЛМАТЫ·1996



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ЖАРШЫСЫ



1938 жылғы 20 қарашадан  
шыға бастады

№ 14 (2231)  
1996 жылғы 16 шілде

## МАЗМҰНЫ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫ

273. Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы.
274. Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
275. Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
276. «Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақ ССР Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы.
277. Қазақ КСР-інің кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы.

— жол — көлік құралдарының жүрісі үшін жайластырылған немесе бейімделілген және соған пайдаланылатын жер өңірі не жасанды құрылыстың үстіңгі қабаты. Жол бір немесе бірнеше жүріс бөлігін, сондай-ақ трамвай жолдарын, тротуарларды, жол жиектерін және бөлу өңірлері болған жағдайда — соларды қамтиды;

— жол жүрісін ұйымдастыру — жолдардағы жүрісті басқару жөніндегі ұйымдық-техникалық шаралар мен өкім жүргізетін іс-қимылдар кешені;

— көлік құралы — адамдарды, жүкті немесе үстіне орнатылған жабдықтарды жолдармен тасымалдауға арналған қондырғы.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігі туралы заңдары**

Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігі туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделді, осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

## **3-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі принциптері**

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі принциптері мыналар болып табылады:

— жол жүрісіне қатысушы азаматтардың өмірі мен денсаулығының шаруашылық қызметтің экономикалық нәтижелерінен басымдығы;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мемлекет жауапкершілігінің жол жүрісіне қатысушы азаматтардың жауапкершілігінен басымдығы;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде азаматтар мен мемлекет мүдделерінің сақталуы;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жүйелі көзқарас;

— жүріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қаржыландыру.

## **4-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі**

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі мемлекеттік саясатты іске асыру құралы болып табылады және ол жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қатынастарды айқындайтын құқықтық нормаларды, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, меншік нысанына қарамастан, заңды тұлғалар-



дын, жол жүрісіне катысушылардың, жол жүрісі қауіпсіздігін және жол-көлік оқиғаларының зардаптарын жоюды қамтамасыз ететін құралдар мен шаралардың жиынтығын қамтиды.

## II тарау

### ЖОЛ ЖҮРІСІ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

#### 5-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары

Жол жүрісі қауіпсіздігі мыналар арқылы қамтамасыз етіледі:

— Үкіметтің, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі мен жауапкершілігін белгілеу;

— жол-көлік оқиғаларының алдын алу және олардың зардаптарының ауырлығын азайту мақсатымен министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, заңды және жеке тұлғалардың қызметін үйлестіру;

— автомобиль, қалалық жер үсті электр көлігінде және жол шаруашылығында жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті реттеу;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді белгіленген тәртіппен әзірлеу және бекіту;

— жол жүрісін ұйымдастыру;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды бағдарламалық-мақсатты жоспарлау;

— жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі шараларды ғылыми, материалдық-техникалық және қаржы жағынан қамтамасыз ету;

— көлік құралдарын жүргізушілерді даярлауды ұйымдастыру және азаматтарға жүріс қауіпсіздігінің ережелері мен талаптарын оқытып-үйрету;

— жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық жағынан қамтамасыз ету жөнінде шаралар кешенін жүргізу;

— көліктің және жол шаруашылығының өнімдері мен көрсететін қызметін міндетті түрде сертификаттауды жүзеге асыру;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қызметті лицензиялау;

— көлікте сақтандыру саласында әлеуметтік бағдарланған саясат жүргізу;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында заңдардың, өзге де нормативтік актілердің, ережелер мен стандарттардың орындалуын мемлекеттік қадағалау мен бақылау.

#### **6 - б а п. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына мыналар жатады:

— Қазақстан Республикасы аумағында жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясат әзірлеу және жүргізу;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу және оларды қаржымен қамтамасыз ету;

— министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметіне басшылық ету, олардың Заңдарды, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін орындауына бақылау жасау;

— жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органды белгілеу және ол туралы Ережені бекіту;

— жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі шараларды қаржыландыру бөлігінде республикалық бюджеттің әзірленуін және атқарылуын қамтамасыз ету;

— жол-көлік оқиғасында зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау жүйесі мен ережелерін, меншік нысандарына қарамастан, олардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянды өтеу, сақтандыру, медициналық қызмет көрсету және өтемақы алу тәртібін белгілеу;

— ережелердің, стандарттар мен басқа да нормативтік актілердің бірыңғай жүйесін белгілеу;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

#### **7 - б а п. Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге де орталық атқарушы органдарының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі**

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге де орталық атқарушы органдарының қарауына мыналар жатады:

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын ұйымдастыру;

— көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау тәртібін белгілеу;

— жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру;

— алдын алу шараларын жүргізу және халыққа жол жүрісі қауіпсіздігінің ережелері мен талаптарын оқытып-үйрету тәртібін белгілеу;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік маңызы бар ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық талдамаларды ұйымдастыру, сондай-ақ мамандар даярлау;

— жол жүрісі мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметті мемлекеттік қадағалау мен бақылауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру;

— республикалық маңызы бар жолдарды салу, қайта жаңарту; жөндеу және күтіп ұстау кезінде жұмыстың барлық түрлеріне бақылау жасауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында лицензиялау мен сертификаттауды жүргізу;

— республикалық маңызы бар жолдарда жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі қызметке басшылық ету;

— Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық шарттарын жасасуға қатысу.

## **8 - б а п. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі**

1. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жергілікті өкілді органдардың қарауына мыналар жатады:

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жоспарларын, аймақтық бағдарламаларын бекіту;

— жергілікті атқарушы органдар басшыларының жол жүрісі қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі есептерін қарау.

2. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жергілікті атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады:

— тиісті аумақта жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің аймақтық бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, олардың орындалуын үйлестіру және бақылау;



— тиісті аумақта жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі шараларды қаржымен қамтамасыз ету;

— министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық атқарушы органдардың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру және бақылау;

— жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін ұйымдастыру және жүргізу;

— жол-көлік оқиғаларын болғызбауға бағытталған алдын алу шараларын ұйымдастыру және өткізу, азаматтарға жол жүрісі қауіпсіздігінің талаптарын оқытып-үйрету;

— автомобиль жолдарында, қалалардың, елді мекендердің жол тораптарында құрылыс салу, қайта жаңарту, жөндеу, олардағы жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын енгізу және күтіп ұстау, оларды күту, жолдарды күзету және оларда қызмет көрсету объектілерін жайғастыру жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде жұмыстың барлық түрлерін ұйымдастыру және бақылау;

— заңды тұлғалардың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру мен бақылауды қамтамасыз ету;

— тиісті аумақ мүдделеріне орай жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ғылыми зерттеулер ұйымдастыру;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында нормативтік талаптардың сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру;

#### **9 - б а п. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қызметті лицензиялау**

1. Заңды және жеке тұлғалардың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қызметі міндетті түрде лицензиялануға тиіс.

2. Қызмет түрлері мен лицензиялау тәртібі тікелей Қазақстан Республикасының Заңымен немесе ол белгілеген тәртіппен айқындалады.

#### **10 - б а п. Жол жүрісі қауіпсіздігінің жай-күйі көрсеткіштерін есепке алудың мемлекеттік жүйесі**

1. Қазақстан Республикасының аумағында апаттардың, жол-көлік жарақаттарының көрсеткіштерін, көлік құралдарының, жүргізушілер санын, жол жүрісі саласындағы құқық бұзушылықтардың, жолдардың көлік-пайдалану көрсеткіштерін, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігі мен оны қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің



жай-күйін көрсететін басқа да көрсеткіштерді есепке алудың бір-біріне қайшы емес жүйесі жүзеге асырылады.

2. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы есепке алудың, есепке алу мәліметтерін пайдалану мен есеп беру деректерін қалыптастырудың мемлекеттік жүйесін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар есеп беру жүйесіне кіретін мәліметтерді белгіленген тәртіппен сұратып алуға құқылы.

#### **11 - б а п. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламалары**

1. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында жол-көлік оқиғаларының, одан зардап шеккен азаматтардың санын қысқартуға және осы оқиғалардан болатын материалдық залалды азайтуға бағытталған жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мемлекеттік және аймақтық бағдарламалары әзірленеді.

2. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мемлекеттік және аймақтық бағдарламалары осындай бағдарламаларға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленеді, белгіленген тәртіппен бекітіледі және тиісті бюджеттер мен бюджеттен тыс көздер есебінен қаржыландырылады.

### **III тарау**

#### **ЖОЛ ЖҮРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР**

#### **12 - б а п. Қазақстан Республикасы аумағындағы жол жүрісінің тәртібі**

1. Қазақстан Республикасы аумағындағы жол жүрісінің тәртібі, жол жүрісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, жол жүрісін реттеудің техникалық және басқа да құралдарының мақсаты мен қолданылуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Жол жүрісі ережелерімен, Автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын пайдалану ережелерімен және оларды Қазақстан Республикасы аумағында қорғау тәртібімен белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасы аумағында көлік құралдарының оң жақпен жүруі белгіленген.

### 13 - б а п. Көлік құралдарын пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар

1. Көлік құралдарын пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар:

— жол жүрісі процесінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптарға сәйкес жүргізушілердің жұмысын ұйымдастыруға;

— жүргізушілер еңбегі мен демалысының белгіленген режимін сақтауға;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін автомобиль және қалалық жер үсті электр көлігі құралдарының жүргізушілері мен басқа да қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін жағдай жасауға;

— жол-көлік оқиғаларының және Жол қозғалысы ережелерін бұзудың себептеріне талдау жасап, оларды жоюға;

— көлік құралдарының техникалық жай-күйін және оның дұрыс жағдайда пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етуге;

— жүргізушілерді сапарға шығар алдында және мезгіл-мезгіл медициналық байқаудан өткізіп тұруды қамтамасыз етуге;

— жүргізушілердің жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге дәрігер келгенге дейінгі көмек көрсету дағдыларын жетілдіру жөніндегі шараларды ұйымдастыруға міндетті.

2. Автомобиль және қалалық жер үсті электр көлігі құралдарымен тасымалдау қызметін жүзеге асыратын мамандандырылған кәсіпорындар арнаулы ережелер белгілеп, жүктің түрін, оларды тасымалдау ерекшеліктерін ескере отырып және қолданылып жүрген заңдар шегінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жүргізушілерге қосымша талаптар қоя алады.

### 14 - б а п. Жол жүрісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

1. Азаматтардың жолдармен жүрудің қауіпсіздік жағдайлары құқықтарына мемлекет кепілдік береді және ол құқықтар Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігі туралы заңдарының, Республика бекіткен халықаралық шарттардың орындалуы арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Жол жүрісіне қатысушылардың өз құқықтарын іске асыру жол жүрісіне басқа қатысушылардың құқықтарын шектемеуге немесе бұзбауға тиіс.

3. Жол жүрісіне қатысушылардың:

— заңдармен белгіленген ережелер мен рәсімдерге сәйкес және солардың негізінде жолмен еркін, кедергісіз жүруге;

— лауазымды адамдардан және жол жүрісін қадағалауды жүзеге асырушы мемлекеттік органнан жолмен жүруге тыйым салыну немесе шектелу себептері туралы түсініктеме алуға;

— қозғалыстың қауіпсіз жағдайлары, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты өнімдер мен көрсетілетін қызметтер сапасы туралы, қызметі жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты лауазымды адамдардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі туралы толық және анық ақпарат алуға;

— қызметі жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты ұйымдар мен лауазымды адамдардан жол-көлік оқиғасы кезінде медициналық көмектің, құтқару жұмыстарының кепілді көлемі мен басқа да қажетті көмекті тегін алуға;

— жол-көлік оқиғасы салдарынан өздеріне дене жарақаттары келтірілген жағдайларда, сондай-ақ көлік құралы мен (немесе) жүк бүлінген жағдайларда заңдарда белгіленген тәртіп бойынша залалды өтеттіруге;

— жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігін жүзеге асырушы лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша шағым жасауға құқығы бар.

4. Жол жүрісіне қатысушылар осы Заңның және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындауға міндетті.

## 15 - б а п. Көлік құралдарын жүргізу құқығын алу

1. Көлік құралдарын жүргізу құқығы мыналарға берілуі мүмкін:

— он алты жасқа толған адамдарға — мотоциклдер, мотороллерлер және басқа да мотокөлік құралдарын («А» санаты) жүргізуге;

— он сегіз жасқа толған адамдарға — рұқсат етілген ең ауыр салмағы 3500 килограмнан аспайтын және жүргізушінің орнын есептемегенде, отыратын орын саны сегізден аспайтын автомобильдерді («В» санаты), сондай-ақ рұқсат етілген ең ауыр салмағы 3500 килограмнан асатын автомобильдерді («С» санаты) жүргізуге, бұған «Д» санатына жататындары кірмейді;

— жиырма жасқа толған адамдарға — жолаушылар тасуға арналған және жүргізушінің орнын есептемегенде, отыратын орын саны сегізден астам болатын автомобильдерді («Д» санаты), троллейбустар мен трамвайларды жүргізуге;

— «В», «С» немесе «Д» санаттарына жататын көлік құралдарын жүргізу құқығы бар адамдарға көлік құралдарының тиісті



санаттарын жүргізу стажы он екі айдан кем болмаған жағдайда — көлік құралдарының құрамдарын («Е» санаты) жүргізуге.

2. Көлік құралдарын жүргізу құқығы тиісті куәліктермен расталады. Қазақстан Республикасы аумағында Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары талаптарына сәйкес келетін ұлттық және халықаралық жүргізушілер куәліктері қолданылады.

3. Көлік құралдарын жүргізу құқығының куәліктері осы бапта белгіленген жасқа толған, медициналық жағынан кінәраты жоқ, көлік құралдарының тиісті санатының жүргізушілерін даярлайтын үлгі бағдарламалар көлемінде қажетті білім мен дағдысы бар және белгіленген тәртіппен емтихандар тапсырған, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын азаматтарға беріледі.

4. Көлік құралдарының тиісті санаттарына жүргізушілер даярлаудың үлгі бағдарламаларын және рұқсат беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген органдар мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, өзге де орталық атқарушы органдармен келісе отырып әзірлейді.

5. Көлік құралдарының «А» және «В» санаттарын жүргізу құқығына куәлік алу үшін азаматтардың тиісті бағдарламалар көлемінде өз бетінше даярлануына жол беріледі.

6. Азаматтарды көлік құралдарын жүргізу құқығын алу емтихандарына жіберу, оларды тапсыру, көлік құралдарын жүргізу құқығына куәліктер беру тәртібін және азаматтың көлік құралдарын жүргізуіне тыйым салатын медициналық кінәраттардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген органдар белгілейді.

#### 16 - б а п. Көлік құралдарын жүргізу құқығының күшін тоқтату негіздемелері

1. Көлік құралдарын жүргізу құқығының күшін тоқтату негіздемелері мыналар болып табылады:

— жүргізуші куәлігінің белгіленген қолданылу мерзімінің бітуі;

— жүргізуші денсаулығының көлік құралдарын қауіпсіз жүргізуге кедергі келтіретіндей нашарлап, оның медициналық қорытындымен расталуы;

— көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыру.

2. Жауапкершілік шаралары ретінде көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруға не сондай құқықты шектеуге әкеп соғатын құқық бұзушылық түрлері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.



## 17 - б а п. Жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету

1. Жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету:

— көлік құралдарын жүргізу құқығына куәлік алуға үміткер азаматтар мен жүргізушілерді міндетті түрде медициналық куәландыруды;

— жүргізушілерді сапарға шығар алдында және ағымдағы медициналық байқаудан өткізуді;

— жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуді;

— жол жүрісіне қатысушыларды, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ азаматтарды жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге дәрігер келгенге дейін көмек көрсету тәсілдерін үйретуді қамтиды.

2. Жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге медициналық көмек:

— жол-көлік оқиғасы болған жерде дәрігер келгенге дейін көмек көрсетуді;

— жол-көлік оқиғасы болған жерде, медицина ұйымына бара жатқан жолда және медицина ұйымында медициналық көмек көрсетуді қамтиды.

3. Медициналық куәландыру, тексеру тәртібін және олардың мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген орган белгілейді.

## 18 - б а п. Көлік құралдарын жасап шығару, сату және пайдалану кезінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар

1. Шығарылған көлік құралдарының конструкциясы, оның ішінде олардың құрамдас бөліктерінің, қосымша жабдықтау заттарының, қосалқы бөлшектері мен керек-жарақтарының конструкциясы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жататын бөлігінде стандарттар мен басқа да нормативтік құжаттардың талаптарына сай болуға тиіс.

2. Көлік құралдары, олардың құрамдас бөліктері, қосымша жабдықтау заттары, қосалқы бөлшектері мен керек-жарақтары жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жататын бөлігінде Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген органдар бекітетін ережелер мен рәсімдерге сәйкес міндетті түрде сертификатталуға тиіс.

3. Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат етуді Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген органдар тиісті құжаттарды тіркеу және беру арқылы жүзеге асырады. Сертификатсыз

немесе оның белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетіндігін растайтын басқа да құжатсыз көлік құралдарын тіркеуге тыйым салынады.

4 Тіркелген көлік құралдарының конструкциясына, соның ішінде оның жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер ететін құрамдас бөліктерінің, қосымша жабдықтау заттарының, қосалқы бөлшектердің және керек-жарақтарының конструкциясына өзгерістер енгізілгеннен кейін қайта сертификаттауды өткізу қажет.

5. Жол жүрісіне қатысатын көлік құралдарының техникалық жай-күйі мен жабдықтары Жол жүрісі ережелеріне, стандарттарға және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келуге тиіс.

#### **19 - б а п. Көлік құралдарын мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу**

1. Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын және белгіленген тәртіппен тіркелген көлік құралдары мен олардың тіркемелері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясында міндетті түрде мемлекеттік техникалық байқаудан өткізілуге тиіс.

2. Мемлекеттік техникалық байқауды өткізудің тәртібі мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген орган белгілейді.

#### **20 - б а п. Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету мен оларды жөндеу кезінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар**

1. Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету мен оларды жөндеу нормативтерін көлік құралдарын шығарған зауыттар олардың пайдаланылу жағдайларын ескере отырып белгілейді.

2. Техникалық қызмет көрсетіліп, жөндеуден өткізілген көлік құралдары Жол жүрісі ережелерінің, стандарттардың және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты басқа да нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

#### **21 - б а п. Көлік құралдарын пайдалануға тыйым салудың негіздемелері мен тәртібі**

1. Көлік құралдарын пайдалануға мынадай жағдайларда:

— көлік құралдарының конструкциясы Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген ережелерге, нормативтер мен стандарттарға сәйкес келмесе;

— жол жүрісі қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға қатер төндіретін техникалық ақаулары болса;

— көлік құралына орнатылған тораптар мен агрегаттардың нөмірі көлік құралындағы тіркеу құжаттарына енгізілген деректерге сәйкес келмесе;

— тіркеу құжаттары мен мемлекеттік техникалық байқаудан өткізілгені туралы құжаты болмаса;

— мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгілері болмаса немесе олар стандарттардың талаптары мен тіркеу құжаттарына сәйкес келмесе;

— заңдарда көзделген басқа да жағдайларда тыйым салынады.

2. Көлік құралын пайдалануға тыйым салуды ондай тыйым салуға негіз болған себептер жойылғанға дейін оған уәкілдік берілген лауазымды адамдар жүзеге асырады.

3. Көлік құралдарын пайдалануға тыйым салу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

## 22 - б а п. Жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі шаралар

1. Жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі шараларды оның қауіпсіздігі мен жолдардың өткізу қабілетін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген органдар, қарамағында автомобиль жолдары бар заңды және жеке тұлғалар жүзеге асырады.

2. Аталған шараларды әзірлеу мен өткізу Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіп бойынша бекітілетін жобалар, схемалар және өзге де құжаттар негізінде нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

## 23 - б а п. Жол жүрісін ұйымдастыру процесінде оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар

1. Жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген стандарттармен реттелген және жол жүрісін ұйымдастырудың жобалары мен схемаларында көзделген техникалық құралдар мен конструкцияларды кешенді пайдалану негізінде қауіпсіздік талаптарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

2. Жол жүрісі қауіпсіздігіне нақты қатер төнген реттерде көлік құралдары мен жүргіншілердің жүріп-тұруын ұйымдастыруға өзгерісті соған уәкілдік берілген лауазымды адамдар ғана белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға тиіс.



**24 - б а п. Жолдарды жобалау, салу, қайта жаңарту, жөндеу, күту және басқару кезінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар**

1. Қазақстан Республикасының аумағында жолдарды жобалау, салу, қайта жаңарту, жөндеу, күту және басқару стандарттарды және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты өзге де нормативтік құқықтық құжаттар негізінде және соларды сақтай отырып орындалуға тиіс.

Жолдарды жобалау, салу және қайта жаңарту кезінде жол жүрісі қауіпсіздігіне теріс әсер ететін инженерлік шешімдер есебінен күрделі шығындарды азайтуға жол берілмейді.

2. Жолдарды жобалаудың, салудың, жөндеудің, күту мен басқарудың нормативтік, жобалық және техникалық құжаттамасы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен келісілуге және бекітілуге тиіс.

3. Салынған, қайта жаңартылған және жөнделген жолдардың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты нормалар, ережелер, стандарттар және басқа да нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестігі жолдарды қабылдап алу актісімен куәландырылады. Жолдарды қабылдап алу актісін белгіленген тәртіппен өткізілген тексеріп қарау, зерттеулер мен сынақтан өткізу нәтижелері негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген орган тағайындайтын комиссия береді.

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде жолдардың жай-күйінің белгіленген талаптарға сай болуы үшін жауапкершілік жобалау кезеңінде жобаны орындаушыға, ал қайта жаңарту және салу кезеңдерінде жұмыстарды орындаушыға жүктеледі.

4. Пайдалану процесінде жолдардың жай-күйі белгіленген ережелерге, стандарттарға, техникалық және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес келуін қамтамасыз ету жөніндегі міндет жолды пеленуші (қарамағындағы) уәкілдік берілген органдарға, заңды және жеке тұлғаларға жүктеледі.

**25 - б а п. Жолдағы жүрісті шектеу немесе тоқтату**

1. Көлік құралдарының жолдармен жүруі дүлей зілзала, жолдағы климат жағдайлары қолайсыз болған, бұқаралық шаралар өткізілген реттерде және жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін басқа да реттерде уақытша шектеледі немесе оған тыйым салынады.

2. Көлік құралдарының жолдармен жүруін тоқтату немесе уақытша шектеу негіздері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.



## ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 26 - б а п. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік қадағалау мен бақылау

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік қадағалау мен бақылауды Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген органдар жүзеге асырады, олар туралы Ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

### 27 - б а п. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңдарды бұзғандық үшін жауапкершілік

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңдардың бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

### 28 - б а п. Халықаралық шарттар

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта жол жүрісі қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленгеннен өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті  
**Н. НАЗАРБАЕВ**

Алматы, 1996 жылғы 15 шілде.  
№ 29—І ҚРЗ

**274** Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Заңды тұлғаларды тіркеу тәртібін оңайлату мақсатында Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Мемлекеттік нотариат туралы» 1974 жылғы 13 тамыздағы Қазақ КСР Заңына (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1974 ж., № 35; 1979., № 16):

1) 60-бап:

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік нотариаттар бір тілден екінші тілге аударылған құжаттағы аудармашының қойылған қолының түпнұсқа екендігін куәландырады».

үшінші бөлік төртінші бөлік деп есептелсін;

2) 61-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын.

2. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1984 ж., № 14, (қосымша); 1984 ж., № 41, 534-құжат; 1985 ж., № 19, 190, 191 құжаттар; № 32, 325-құжат; № 45, 457-құжат; № 49, 513-құжат; 1986 ж., № 13, 122-құжат; № 25, 242-құжат; № 31, 320-құжат; № 49, 506-құжат; 1987 ж., № 2, 19-құжат; № 16, 201-құжат; № 29, 356-құжат; № 32, 421-құжат; № 41, 503-құжат; № 46, 560-құжат; 1988 ж., № 35, 324-құжат; 1989 ж., № 16, 129-құжат; № 27, 208-құжат; № 45, 364-құжат; № 49, 444-құжат; № 50—51, 458-құжат; 1990 ж., № 12—13, 114-құжат; № 44, 410-құжат; № 48, 445-құжат; № 49, 461-құжат; 1991 ж., № 25, 318-құжат; № 26, 348-құжат; № 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 4, 96-құжат; № 4, 98-құжат; № 4, 100-құжат; № 13—14, 323-құжат; № 15, 380-құжат; № 16, 400-құжат; 1993 ж., № 3, 42-құжат; № 4, 70-құжат; № 8, 159-құжат; № 8, 161-құжат; № 9, 220-құжат; № 9, 222-құжат; № 20, 468-құжат; № 20, 469-құжат; 1994 ж., № 4—5, 60-құжат; № 8, 134-құжат; № 15, 207-құжат; № 21—22, 272-құжат; 1995 ж., № 1—2, 17-құжат; № 5, 41-құжат; № 8, 55-құжат; № 9—10, 64-құжат; № 15—16, 105-құжат; № 17—18, 110-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 177-құжат).

1) Кодекс мынадай мазмұндағы 169—3 баппен толықтырылсын:

«169—3 - б а п. Қызметті заңды тұлғаны, филиалды, өкілдікті тиісінше қайта тіркемей жүзеге асыру

Қызметті заңды тұлғаны, филиалды, өкілдікті қайта тіркемей жүзеге асыру Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген реттерде,

— лауазымды адамдарға жиырмадан қырыққа дейінгі ең төмен жалақы мөлшеріндегі сомада айыппұл төлетуге әкеп соғады»;

2) 237—7-баптың бірінші бөлігі «169—1» деген цифрдан кейін «169—3» деген цифрмен толықтырылсын.

3. «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» 1992 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 16, 424-құжат; 1995 ж., № 20, 120, 121-құжаттар); 9-бабы 2-тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қарточкаға азамат қол қояды, қойылған қолдың түпнұсқа екендігі жеке өзі карточка тапсырған кезде тұлғаны куәландыратын құжатты көрсету арқылы расталады, ал карточка почта арқылы жіберілген ретте — нотариат куәландырады».

4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23—24 (қосымша); 1995 ж., № 15—16, 109-құжат; 1995 ж., № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат):

1) 38-баптың 1-тармағында:

төртінші абзацтағы «басқа елдерде қабылданған ұйымдық-құқықтық нысандар белгілерін; осы Кодексте көзделмеген терминдерді» деген сөздер алынып тасталсын;

бесінші абзац алынып тасталсын;

2) 41-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Заңды тұлғаның жарғысында: онда оның атауы, тұрғылықты орны, басқару органдарын құру тәртібі және олардың құзыреті, оның қызметін қайта құру мен тоқтату ережелері белгіленеді.

Егер заңды тұлғаны бір адам құрса, онда оның жарғысында мүлікті құру және кірістерді бөлу тәртібі де белгіленеді.

Жарғыда заңдарға қайшы келмейтін басқа да ережелер болуы мүмкін»;

3) 42-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Филиалдар мен өкілдіктер атаулары өзгерген жағдайда қайта тіркелуге жатады»;

42-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Заңды тұлға мынадай жағдайларда:

1) жарғылық қорының мөлшері азайғанда;

2) атауы өзгергенде;



3) ашық акционерлік қоғамдарды қоспағанда, шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың құрамы өзгергенде қайта тіркелуге тиіс.

Аталған негіздер бойынша құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер заңды тұлға қайта тіркелмейінше жарамсыз болып табылады.

Құрылтай құжаттарына басқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ретте заңды тұлға бұл туралы тіркеуші органды бір айлық мерзімде хабардар етеді»;

4) 43-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қоғамдық бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) басшылары қоғамдық бірлестіктің жарғысында және оның филиалдары немесе өкілдіктері туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланады.

Діни бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) басшылары діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланады не тағайындалады.

Өзгеше нысандағы заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын заңды тұлға уәкілдік берген орган тағайындайды және оның сенімхаты негізінде жұмыс істейді».

5) 50-баптың 3-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Тарату комиссиясы заңды тұлғаны тарату туралы, сондай-ақ оның несие берушілерінің талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы ақпаратты орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарында жариялайды. Талаптарды мәлімдеу мерзімі тарату туралы жарияланған кезден бастап екі айдан кем бола алмайды».

6) 59-баптың 1-тармағының:

бірінші абзацындағы «соның ішінде санаткерлік меншік» деген сөздер «санаткерлік меншік нәтижесі құқығын қоса алғанда» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Шаруашылық серіктестігін қайта тіркеген кезде оған қатысушының салымын ақшалай бағалау серіктестіктің бухгалтерлік құжаттарымен не аудиторлық қорытындымен расталуы мүмкін»;

7) 62-баптың 1-тармағындағы «екінші түрі» деген сөздерден кейін «не өндірістік кооперативтер» деген сөздермен толықтырылсын;

8) 77-баптың 4-тармағындағы екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Жауапкершілігі шектеулі серіктестік акционерлік қоғам немесе өндірістік кооператив болып қайта құрылуға құқылы»;

9) 93-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:



«2. Акционерлік қоғам жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе өндірістік кооператив болып қайта құрылуға құқылы».

5. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы «Шетелдік инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23—24, 280-құжат; 1995 ж., № 20, 120-құжат).

1) 15-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Шетел қатысатын кәсіпорынның жарғылық қорын қалыптастырудың мөлшері, тәртібі мен мерзімі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді»;

4-тармақтағы «Үлесі және бағасы» деген сөздер «Үлестері» деген сөзбен ауыстырылсын және «тәуелсіз аудиторлық тексеруге тиіс» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі» деген сөздермен ауыстырылсын:

6-тармақ алынып тасталсын;

7-тармақ «акциялар» деген сөзден кейін «жабық» деген сөзбен толықтырылсын;

7-тармақ 6-тармақ деп есептелсін;

2) 16-баптағы 2-тармақтың «а» және «б» тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«а) шетелдік заңды тұлға үшін сол субъект өз елінің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын сауда тізілімінен алынған көшірме немесе басқа құжат, нотариат бекіткен қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге;

б) шетелдік жеке тұлға үшін жеке тұлғаның өзін куәландыратын паспортының немесе басқа құжатының көшірме нұсқасы, нотариат бекіткен қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге»;

3) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу үшін Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген ортақ ережелер бойынша жүргізіледі. Тіркеуге арналған құжаттар нотариат бекіткен қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге табыс етіледі».

6. Қазақстан Республикасы Президентінің «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3—4, 35-құжат; 1995 ж., № 15—16, 109-құжат; № 20, 121-құжат, Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат):

1) 4-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын;

2) 6-баптың бірінші бөлігіндегі «қазақ» деген сөзден кейінгі

«және» деген сөз «немесе» деген сөзбен ауыстырылсын; «үш» деген сөз «екі» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 13-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Заңды тұлғалардың филiaalдары мен өкілдіктері туралы есептік тіркелімнің деректері мен басқа да мәліметтерді мемлекеттік тіркелімге енгізу тап сондай тәртіппен жүргізіледі»;

4) 14-баптың бірінші бөлігі «колданылып жүрген заңдарға сәйкес» деген сөздермен толықтырылсын:

14-баптың екінші бөлігі «енгізілген өзгерістермен бірге» деген сөздерден кейін «не құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өкілетті органның шешімінен алынған көшірме» деген сөздермен толықтырылсын.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің «Шаруашылық серіктестіктер туралы» 1995 жылғы 2 мамырдағы № 2255 Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 7, 49-құжат; № 15—16, 109-құжат);

1) 6-баптың 4-тармағы:

«акшалай қаражаттан құралған» деген сөздердің алдындағы «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы» деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Шаруашылық серіктестігін қайта тіркеген кезде оған қатысушының салымын акшалай бағалау серіктестіктің бухгалтерлік құжаттарымен не аудиторлық қорытындымен расталуы мүмкін»;

2) 9-баптың 3-тармағы «басқа түріне» деген сөздерден кейін «не өндірістік кооперативтерге» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 52-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік акционерлік қоғам немесе өндірістік кооператив болып қайта құрылуы мүмкін»;

4) 58-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Жарғыдағы қосымша акциялар шығарудан туындаған өзгерістер туралы қоғам әділет органдарына хабарлауға міндетті. Жарғыдағы өзгерістер туралы тіркеуші органға хабарламастан қосымша акциялар шығаруға тыйым салынады».

5) 75-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Акционерлік қоғам оның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе өндірістік кооператив болып қайта құрылуға құқылы».

8. Қазақстан Республикасы Президентінің «Өндірістік кооператив туралы» 1995 жылғы 5 қазандағы № 2486 Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 20, 119-құжат):

7-баптың 6-тармағы:

бірінші абзацындағы «зерде қызметі нәтижелеріне құқық» деген сөздер «санаткерлік меншік нәтижелеріне құқығы» деген сөздермен ауыстырылсын.

екінші абзац «ақша қаражатынан ғана тұрған» деген сөздердің алдындағы «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы» деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Өндірістік кооперативті қайта тіркеген кезде оның мүшесінің мүліктік жарнасын ақшалай бағалау кооперативтің бухгалтерлік құжаттарымен не аудиторлық қорытындымен расталуы мүмкін».

9. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 1996 жылғы 26 қаңтардағы № 2823 Заң күші бар Жарлығының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 179-құжат) 13-бабында «арнайы экономикалық аймақтың аумағында... Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің уәкілді органы тікелей... жүргізеді» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады» деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Н. НАЗАРБАЕВ

Алматы, 1996 ж. 15 шілде.  
№ 30—1 ҚРЗ



**275** Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 13 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 1, 1-күжат):

1. Кіріспенің бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы қазіргі шекарасында тұтас, оған қол сұғылмайды және бөлінбейді».

2. 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы. Қазақстан Республикасының шекарасы дегеніміз Қазақстан аумағының шегін — құрлығын, суын, жер қойнауын және әуе кеңістігін айқындайтын сызық және осы сызық бойынша тігінен өтетін үстіңгі қабаты.

Мемлекеттік шекара Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленеді».

3. 5-бапта:

1) үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының аумақтық теңізіне жағалаудағы теңіз сулары жатады, олардың еңі Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленеді»;

2) бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Каспий теңізінде — ішкі суларға жататын айдан Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленеді»;

3) алтыншы бөліктегі «Жоғарғы Кеңесінің» деген сөздер «Парламентінің» деген сөзбен ауыстырылсын.

4. 6, 9, 11, 13 және 17-баптарда «Министрлер Кабинеті» деген сөздер «Үкіметі» деген сөзбен ауыстырылсын.

5. 10-бапта:

1) баптың атауындағы «ұшып келуі (кіруі)» деген сөздер «келіп қонуы (кіруі)» деген сөздермен ауыстырылсын.

2) үшінші бөлік «кеден» деген сөзден кейін «экологиялық» деген сөзбен толықтырылсын.

6. 18-баптың екінші бөлігіндегі «жапсарлас жатқан поселкелік, селолық Кеңестің, ауылдық Кеңестің, ауданның, қаланың, қаладағы ауданның» деген сөздер «іргелес жатқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің» деген сөздермен ауыстырылсын.

